

Ақсу негізгі орта мектебі бойынша волонтерлық қызметтің рөлін арттыру және дамытуға арналған

**«Қоғамға қызмет» волонтерлар клубының
2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыс есебі**

2023-2024 оқу жылының басында «Қоғамға қызмет» волонтерлік клубының жаңа оқу жылға арналған жоспар құрылып, бекітілді. Ұйымға мектептің 5-9 сынып оқушылары және мектеп мұғалімдерінің ішінде жастар мүшелікке қабылданды. Мүшелікке қабылданған оқушыларға ережелер мен міндеттер түсіндірілді.

Жетекшісі – Ш.С.Өтепбергенова, мектеп тәлімгері

Мүшелері – Ж.Казиева, мұғалім

Н.М.Досмагамбетова, мұғалім

А.Қыдырбаева, мұғалім

Д.Тайборин, мұғалім

5-9 сынып оқушылары

Мектепте құрылған «Қоғамға қызмет» волонтерлік клубының мүшелері «Birgemiz: Taza Alem» акциясы аясында мектепте тазалау жұмыстарын жүргізілді. Қыздар сынып бөлмелерін жуып тазалап, желдету жұмыстарын жүргізді. Ер балалар мектеп ауласын тазалап, жапырақтар жинады

Қыркүйек айында «Қоғамға қызмет» волонтерлік клубының жоспарына сәйкес, «Мейірімділік ошағы» акциясы аясында мектептің математика пәні мұғалімі Кушекова Шолпан Ихсанқызы 20000(жиырма мың) теңге көлемінде 8-сынып оқушысы потранаттық тәрбиедегі Назаренко Райсаға оқу құралдары мен мектеп сумкасын сыйлады. Сондай – ақ мектептің биология пәні мұғалімі Китегулов Галым Баразбекович 10000(он мың) тенгеге 8-сынып оқушысы қорғаншылықтағы 8-сынып оқушысы Халькин Радикке оқу – құралдарын сыйлады. Акцияның мақсаты: жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек пен қолдау көрсету.

Қазан айында клуб мүшелерінің тоқсандық отырысы өткізілді. Отырыста ұйым мүшелері атқарылған жұмыстарға есеп беріліп, алдағы атқарылатын шараларды талқылады.

Қараша айында мектеп кітапханашысы Қыдырбава Айбөбек «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына 30 қайырымды іс» 30 кітап оқы акциясын өткізді. Акция аясында оқушылардың кітап оқуға құштарлығын арттыру мақсатында әр түрлі шаралар өткізілді. Шара барысында оқушылар бір – біріне өздері оқыған қызықты кітаптардың мазмұнымен бөлісті.

Желтоқсан айында Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында «Жас ұлан» БМЖҰ қатарына қабылдау жиыны өткізілді. 2-сынып оқушылары «Жас Қыран», 5-сынып оқушылары «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылданды. Ұйымға қабылданған оқушыларға ұйымның ережесі, міндеті мен мақсатын түсіндіріліп, оқушылар ант берді.

Қаңтар айында клуб мүшелері «Birgemiz: Taza Alem» акциясын өткізді. Акция аясында клуб мүшелері мектеп ауласындағы мұз айдынының бетін қардан тазарту жұмыстарын жүргізді.

Жқба мүшелері «Birgemiz: Taza Alem» (қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отырғызу және т.б) жобасы аясында оқушыларға табиғатқа қамқор болуды, қоршаған ортаны таза ұстау дағдысын арттыру мақсатында сенбілік жұмыстары ұйымдастырылып, оқушылар көктемгі тазарту жұмыстарын өткізді. Бастауыш сынып оқушылары мектеп ішіндегі гүлдерге күтім жасаса, жоғары сынып оқушылары мектеп ауласын және мектеп жанындағы мұз айдынын қардан тазартты.

«Birgemiz: Asyl tuğa» акциясы барысында елді – мекендегі тарихи – мәдени объектілерін сақтау, жас ұрпаққа дәріптеу мақсатында 1-4 сынып оқушыларына тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатында облысымыздағы тарихи – мәдени, сондай – ақ көрнекті жерлер туралы ақпарат беріліп, оларды қорғау әрбір азаматтың борышы екенін түсіндірілді.

Жобаның жосапына сай «Біздің қатарымызға қосыл» тақырыбымен оқушыларды қайырымдылыққа баулып, волонтерлар қатарына шақырып, челлендж ұйымдастырды.

Мектеп директоры м.а. Р.Н. Айтекенова



